# Таудағы демалыс

Біз туыстарымызбен бірге тауға демалуға жиналдық. Бәріміз дүкеннен азық-түлік пен керек заттарды сатып алдық. Сосын машинамен тауға қарай жол тарттық.

Жолда өте қызықты оқиғалар болды. Сеть ұстамағандықтан телефонды қойып, бір-бірімізбен сырластық, әңгіме айттық, неше түрлі ойындар ойнадық. Жолдың атмосферасы бөлек болды. Жан-жағымыздағы көрініске сөз жоқ, өте әдемі еді. Сөйтіп, көзді ашып-жұмғанша улап-шулап жүріп, тауға да жетіп алдық.
Таулар өте әдемі екен. Жан-жағымыздың бәрі жап-жасыл, ағын су ағып тұр, ауасы таза. Табиғаттың сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.
Өзімізбен алып келген заттарымызды түсіріп, орналасып алдық. Біз қыздар болып стол жаюға кірістік, ал ұлдар тамақ пісіре бастады. Сірне, кәуаптарды дайындады. Ал бала-шаға болса ағын суға шомылып жатты. Мен де суға аяғымды малып көрдім, суы мұздай, бірақ өте тамаша екен.

Сонымен бәріміз жиналып, жерге жайған дастарханымызға отырдық. Тамақ ішіп, әңгімелестік. Табиғатта тамақ ішкенге не жетсін. Дастарханнан тұрған соң доп ойнадық. Таудың жоғары жағына шығып, айналаны тамашаладық. Онда аттар бар екен, атқа да міндік. Таза қолдың қымызының дәмін таттық.

Жаркент қаласы
Еңбекші орта мектебі
11 сынып оқушысы
Сулейманова Тахмина